

## Шардара ауданының орталығы Шардара қаласындағы шағын аудандарға ат қою туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 қазандағы N 37-283-IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 қазандағы N 637 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 желтоқсанда N 14-15-106 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабының 5-1 тармақшасына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Шардара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Шардара ауданының Шардара қаласындағы атауы жоқ шағын аудандарға **Өтеғұл, Мелдеби, Ақбала, Абай атауымен және Мешіт шағын ауданы Қанай Датқа атымен аталсын.**

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М.Мараим*

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Т.Ағманұлы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Т.Бердібеков*